

К.А. Төлеубаева, А.М. Смагулова*

Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті, Қарағанды, Қазақстан
(E-mail: k.toleubaeva@mail.ru, aizada220513@gmail.com)

Көркем идея және драматизм

Мақалада қазақ әдебиетінде өзіндік дәстүрі қалыптасқан повесть жанрындағы драматизм мәселелері қарастырылған. Мақаланың мақсаты — қазақ қаламгерлерінің шығармашылығындағы драматизмнің әдеби-эстетикалық қырларын назарға ала отырып, қазіргі жаңа бағыттағы қазақ повестеріндегі драматизм мәселелеріне көркемдік талдау жасау. Атап айтқанда, қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі — Оралхан Бөкейдің «Атау кере (Қауіпті будан)» және Әлібек Асқаровтың «Батқан күннің бояуы» туындылары. Зерттеу барысында саралау, теориялық талдау және жинақтау әдістері қолданылды. Көптеген ғалымдардың еңбектеріне шолу жасалынып, драматизмнің шығармадағы ірі қозғаушы күш екендігі айқындалды. Зерттеудің нәтижесінде аталған повестердегі драматизмнің эстетикалық мәні мен көркемдік қызметі талданып, әр жазушының қоғамдық-әлеуметтік ортасындағы тартыстар мен қарама-қайшылықтар оның шығармашылығында із қалдыратындығы, авторлық концепция мен жазушының дүниетанымы драматизмде айрықша көрініс табатыны тұжырымдалды.

Кілт сөздер: драматизм, повесть, конфликт, тартыс, эстетикалық категория, авторлық концепция.

Кіріспе

Ұлт жадында ғасырлар бойы туып, дамып, қалыптасып келген биік рухты рухани мұра тоталитаризм тұсында тапталып, жазылмағандықтан, тәуелсіздік жылдарында ұлтшыл суреткерлер алдында нақты қоғамдық-әлеуметтік, тарихи, саяси жадыны жаңғырту қажеттілігі тұрды. Сондықтан да дәл сол кезеңде көркем әдебиетте айрықша көтерілген жеке тұлғаның рухани адамгершілік әлеуеті, адамгершілік-гуманистік проблематикасы, философиялық этикалық проблемалары аз да болса «жылымық сәттің» нәтижесінде пайда болған сана сілкінісі мен серпілісінен туындаған тарихи, қоғамдық қажеттілік еді. Бейімбет Майлин іргетасын қалаған қазақ повесінің 1970-90 жылдардан бастап жаңа тынысы ашылып, түлеп, түрлене түсті. Қазақ қаламгерлерінің шығармашылығындағы драматизмнің әдеби-эстетикалық қырларын назарға ала отырып, қазіргі жаңа бағыттағы қазақ повестеріндегі драматизм мәселелеріне көркемдік талдау жасау мақаламыздың мақсаты болып табылады. Алуан жаңа бағыттар қарқынды дамуда, шығармалардың тақырыбы мен мазмұны өзгерген. Кезеңінде бұрмаланған, тыйым салынып қудаланған ұлттық-тарихи тақырыпқа арналған, қазақ қоғамының сырын сипаттайтын повестер жарыққа шықты. Жаңа бағыттағы туындылардан соны ізденістерді байқауға болады. Қазақ прозасының Мұхтар Мағауин, Әбіш Кекілбайұлы, Оралхан Бөкей, Төлен Әбдік, Сайын Мұратбеков, Тынымбай Нұрмағамбетов, Қалихан Ысқақ, Бердібек Соқпақбаев секілді саңлақ жазушылардың қазақ прозасында өз орны бар, өз бағасын алған көркем шығармаларымен қатар кейінгі жылдардағы алдыңғы қатардағы Думан Рамазан, Әлібек Асқаров, Асқар Алтай, Роза Мұқанова секілді прозашылардың шығармалары сөз өнеріне қосылған сүбелі үлес те, әдебиеттану ғылымына қомақты азық болмақ.

Зерттеудің деректері мен әдістері

Зерттеудің дерек көзі ретінде әдебиеттану ғылымында драматизм категориясына байланысты жазылған ғалымдардың еңбектері қарастырылды. Атап айтқанда қарастырылып отырған кезеңнің әдебиет саласын және осы дәуірде туған әдеби шығармалар туралы З. Қабдолов [1], С. Қирабаев [2], С. Қасқабасов [3], Ш. Елеуқенов [4], Р. Нұрғали [5], Б. Майтанов [6], Ж. Дәдебаев [7], Т. Тоқбергенов [8], С. Әшімбаев [9], З. Серікқалиев [10], Қ. Ергөбеков [11], М. Хамзин [12], Т. Сыдықов [13], Б. Сарбалаев [14], Қ. Әбдесұлы [15], Б. Кәрібаева [16], С. Жұмабек [17], Г. Пірәлиева [18] және орыс әдебиеттану ғылымында драматизм категориясына байланысты Г.Н. Поспелов [19], В.Е. Хализев [20], В.И. Тюпа [21], И.Ф. Волков [22] т.б. ғалымдардың еңбектері негізге алынды. Аталмыш ғалымдардың ғылыми еңбектерінде көркем шығармадағы авторлық ұстаным, көркем образдар жасаудағы қаламгер шеберлігі, драматизм табиғатының көркемдігі, туынды-

* Хат-хабарға арналған автор. E-mail: aizada220513@gmail.com

лардағы поэтикалық ерекшеліктер жан-жақты кешенді сараланған. Қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі — Оралхан Бөкейдің «Атау кере (Қауіпті будан)» және Әлібек Асқаровтың «Батқан күннің бояуы» повестеріндегі драматизм мәселелеріне көркемдік талдау жасалынды. Зерттеу барысында саралау, теориялық талдау және жинақтау әдістері қолданылды.

Нәтижелер мен талқылау

Драматизмді әдебиеттің әр жанрынан кездестіруге болады, әсіресе оқиғасы шағын, кейіпкерлері аз повестен, әңгімеден айрықша аңғаруға болады. «Повесть — эпикалық проза жанрының бір түрі. Повестке оқиға тізбегін баяндау, хроникалық әңгімелеу тәсілі тән» [23; 430]. Академик З. Қабдолов повестке мынандай анықтама береді: «Әңгімеге қарағанда, повестің көлемі де үлкен, сюжеті де күрделі, ондағы өмірлік тартыстардың оқиғаларға тұтаса басталуы мен байланысы, шиеленісі мен шешімі де әлдеқайда табиғи, заңды. Оқиғаларға қатынасатын қаһармандар да біреу емес, бірнешеу, кейде тіпті ондап саналады. Персонаждардың ішкі-сыртқы бітім-бейнелері бедерлі, арақатынастары арналы, әжептәуір өріле, өрістетіле, қалыптасу даму үстінде көрсетіледі» [24; 327]. Қазақ әдебиетінде өзіндік дәстүрі қалыптасқан жанр десек те, жаһандану үрдісінің ықпалымен көркем әдебиеттің қарқынды даму барысында повест жанры да жаңару, жетілу үстінде.

Повестің ең басты негізгі қасиеті ондағы драматизмнен көрінеді. «Драматизм (лат. drama – әрекет) — адам өмірінің, адам мен оны қоршаған қоғамдық және табиғи ортаның арақатынастарының қайшылықтары мен қиғаштықтарын бейнелейтін категория. Шындықты өз күрделілігі мен қайшылықтарында суреттеу арқылы реалистік өнер өмірдің драматизміне, адамдардың тағдыры мен тауқыметіне терең бойлайды. Өмірдегі қайшылықтардың ерекше эстетикалық формасының белгісі ретінде өнерде адамның қарама-қайшы іс-әрекеттерін, идеяларын, талпыныстарын, алауыздықтарын суреттеу формасы ретіндегі драмалық тартыс — драматизмнің толық және шоғырланған көрінісі болып табылады. Шынайы өнерде драмалық конфликт өзінің тереңдігімен қатар идеялық және әлеуметтік маңызымен, өткірлігі және шиеленісімен көзге түседі, демек ол шығарманың адамға эстетикалық әсерін күшейтеді» [25; 142].

Әдебиеттің проза жанрындағы драматизмді зерттеген адам академик Р. Нұрғали. Ғалым драматизмді әдеби-эстетикалық категория дейді де, әдебиеттің барлық жанрларында кездеседі және оның жалпылық және жинақтаушылық сипаты бар ұғымдардың қатарына жатқызады [26; 28]. Яғни драматизм философияның бір саласы, категория философия ғылымынан туындайды. Ал эстетика — әсемдік туралы ғылым. Әдебиет — сөз өнері ретінде эстетикалық қасиеті бар екені айдан анық. Образ және образдылық әдебиет ұғымдарының маңызды мәселелерінің бірі болып табылады. Егер кеңінен қарастырсақ көркем образ өмір шындығын әр қырынан көрсету үшін өнер саласында ғана қолданылатын тәсілді сипаттайтын эстетикалық категория. Қандай шығарма болсын драматизм кейіпкерлердің түрлі пікірлерінің қарама-қайшылығы, адалдық пен тоғышарлықтың күресі, адам мен қоғамның ширыққан қарым-қатынасы десек, драматизмнің шығармадағы ірі қозғаушы күш екендігін байқаймыз.

XX ғасырдың жетпісінші-тоқсаныншы жылдарындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің бірі — Оралхан Бөкейдің «Атау кере (Қауіпті будан)» хикаясын зерделегенде ұстанатын негізгі бағытымыз — повестегі әйелдер образдары — Нүрке кемпір, Айна, Бекзат. Нәзік жандылардың жұмбаққа толы ішкі дүниесінің тылсым сырларына бойлау — кез келген жазушы қалам тарта бермес шеберлік белгісі. Оралхан Бөкейдің осынау шығармасындағы, жалпы шығармашылығындағы десек те артық емес, өзге кейіпкерлерінен өзіндік дара келбетімен ерекшеленген қаһарман — Нүрке кемпір қазақ болып кеткен орыс қария. Орыс ұлтының өкілі екендігін көзінің көкшілдігі мен жүзінің сарылығы суреттелген портреттен аңғармаса, келініне өткенінен сыр шерткен, оқырманды мұңға бөлер, қилы тағдыры ұзақ монологынан аңдамаса, білмегенге бұл кісі — нағыз қазақ. Қазақшаға судай болғанымен қоймай, мұсылмандық парызы — күніне бес мезгіл намаз бен жылына бір рет ораны қаза қылған емес. Осы орайда, шығармадағы кейіпкердің ішкі көңіл-күйін білдіретін толғау сөзі, кейіпкерді сөйлету тәсілі болған монологтан үзінді келтірсек: «Мен Еріктің әкесі Қандауырға тұрмысқа шыққан жылы, жарықтық атамыз, атын атауым әдепсіз болар, қайын атамды айтамын, – деп пысықтай түсіндірді, — Меккеден оралып, қажы атанып қайтқан. Үркердей үш келінін бірдей, оның ішінде мен де бар, мұсылманша оқытып, хат танытты. Мен сол күннен бастап бес уақыт намаз оқып, шариғаттың шәлісін жамылдым. ...Алғашында мен қазақ тілін жарытып білмейтінмін, мұқым ауыл балалары шүлдірлегенімді қызық көріп, сөйлете беруге әуес еді» [27; 40]. Тіпті, келіні Айна да осы үйдің босағасын алғаш атаған күні енесі жайында білмегендіктен алдынан шыққан орыс әжеге «здрaствуйте» деп сә-

лем берген. Сонда енесі таза қазақ тілінде: «Қадамның құтты болсын, қарағым! Қосағыңмен қоса ағарып, бақытты ғұмыр кешіндер!», – деп алақанын жайып зулатып бата беріп, құшақтап бетінен сүйіп еді.

Орыстың ішіндегі төменгі жақтан ауып келген аса діншіл (ырымшыл) бөлігі кержақтар «руынан» шыққан Нюра Фадеевнаның қазақтың ержүрек жігіті Қандауырға деген ғашықтық сезімі қызды әке-шеше қарсылығына қарамастан сүйгеніне тұрмысқа шығуға итермелейді. Махаббаттың ғаламат күші адамның дінін, ділін, тілін де өзгерте алады. Зобалаң жылдары небір залымдардың зұлымдықтарына да осы махаббаттың күдіретімен шыдас берді. Жарына таңылған «Халық жауы» деген жала себепті түрмеде отырды, талай қарсылыққа да көнді. «Уһ, Аллаһ-ай, ол да бір зауал болды ғой, – деп тағы күрсінді Нүрке кемпір, — айтып-айтпай не керек, құсалықпен өткен жылдарды сықтап жылағанмен көз жасың таусылмайды екен» [27; 111].

Нүрке кемпірдің бойындағы күллі әйел затына тән мейірім-мәрхамат, кешірім-кеңшілік, жан-жүректен жанашырлық таныту, қайтарымын күтпей қайырымдылық қылу қасиеттері шығарманың шырайын кіргізе түскен. Оралханның бұл сәтті кейіпкері — Таған секілді бейбақ данышпандар мен Ерік секілді қауіпті будандар қаптаған қайран қазақ халқының Анасы.

«Сіз... апа, сіз орыс та, қазақ та емессіз... сіз басқа бір... ұлтсыз... жер бетінде жоқ ұлттың өкілісіз. Ол ұлттың аты — аяулы ана. Өттең, сіздей адам жалғыз-ақ па деп қорқамын... айнаның шамның сәулесімен боталаған жанары жасаурай, енесін қатты қысып құшақтады» [27; 45]. Оқырман жадында хикаят кейіпкерлерінің психологиялық портретін қалыптастыратын қарым-қатынастар көрінісі іспеттес диалогтар Нүрке — Айна, Нүрке — Таған т.б. кейіпкерлер қатынастары.

Ата дінінен шығып, мұсылмандықты қабылдаған, ана тілін ұмытып, қазақ тілінде сайраған Нюра Фадеевна өзінің емес, Құдайдың қалауымен орыс болып жаралғандықтан, бақиға аттанар шағында еркінен тыс мистикалық түрде қайта айналып қазығын табады. Автор Нүрке кемпірдің өзгеше өлімі арқылы ұлы сақ Анарыстың мына тәмсілін тәлім еткен: «Үйінде де, түзде де өз еліңнің Тәңірісіне құлшылық ет». «Нюра екі саусағын біріктіріп алды да шоқына бастады... Ананың сүтімен рухына сіңген сенім түптің-түбінде бәрібір жеңіп шыққан еді. ...Әне, Нюра Фадеевнаның алдынан ескі діндарлар, староверы жұмағының есігі айқара ашылған... Ол мәңгілікке сапар шекті» [27; 211]. Момын мұсылман, түрі сары, жаны нағыз қазақ Нүрке ана дүниеге ақыр аяғында старовер-орыс болып аттанды. Бұдан кейіпкердің ішкі коллизиясын, санасы қабылдаған дін мен бейсаналық деңгейінде қалып қойған өзі үшін қастерлі сенімінің драматизмі көрініс тапқанын аңдаймыз. Әйгілі жазушының соңғы да соны шығармасы болған «Атау кере» повесін оқып-зерделегенде көкейге түйгеніміз: Оралханның образды санаңнан өшпестей етіп сомдауы, әсіресе жұмбағы көп әйел жанының нәзік сырларына бойлауы — оның ерекше дарын иесі екенінің кезекті дәлелі деп түсінеміз.

Тілінде әдемі юмор анық аңғарылатын Әлібек Асқаровтың өзі социализм хикаясы деп атаған «Батқан күннің бояуы» повесінен алынған төмендегі үзікте адам жанының ерекше күйін, эйфориялық бақытын байқататын қимылдарын байқаймыз.

«Смағұл мұғалім мектепке келгенде шешенсіп, тұлғаланып кететін. Өзінің сабағын соншалықты тартымды әрі қызғылықты етіп өткізуші еді. Ал әлгіндей шет ел туралы әңгімені бастап берген кезде көзі ұшқындап, құлақ-шекесі қимылдап, жайнап шыға келетін. Құлақ естіп, көз көрмеген алыс жер, бөтен ел жайында өзі барып келген, тірі адамның аузынан есту біз үшін де бір ғанибет» [28; 20].

Смағұл ағайдың «көзінің ұшқындап, құлақ-шекесінің қимылдап», белгілі бір тұрақсыз қалып-күйде болуы адам жанының қайшылыққа жақын екенін дәлелдей түседі. Мұнда ойшыл Панеций іліміндегі әрбір индивидке тән үш бетперденің соңғысы, яғни мамандық (география пәнінің мұғалімі) бетпердесі көрініс табады, сонымен бірге бұл кейіпкердің жаны сүйетін ісі болған соң жүзінен қасакана емес, шынайы, бейсаналық екпіндегі қуанышын бағамыз. Келесі мысалға назар аударайық.

«Көсе қараның қасынан өтіп кетіп, арғы бұрыштағы бос үстелге тарттым. Ол жерге де қимыл-қозғалысы құныс маймылға ұқсаған сырықтай біреу құнжындап енді ғана жайғасып жатыр екен... Бұл кісінің алғаны мен ойлағандай шай емес, қызыл-күрең шарап болып шықты. Өзінің беті біртүрлі қарайыңқырап ісіп, көзінің айналасы домбығып тұр екен. Сақарға салған сүйектей құп-қу, тым арық. Бет-жүзі шалбар-шалбар, салынып ішетіні көрініп-ақ тұр.

...Мен ағайды енді таныдым. Танығанымға алғашында қуанғаныммен, соңынан өкінгендей ме, әйтеуір бір-екі ұдай сезімде қалдым... Бұл кісі бізге баяғыда алтыншы, жетінші, сегізінші кластарда сабақ берген «география ағай», яғни Смағұл мұғалім болатын.

Ақылы азық, сөзі сусын болған менің қайран ұстазым! Енді қарашы, қазан ұрған қауындай қауқиып қалған мына ұсқынсыз кеспірін!» [28; 7].

Алынған үзіндіден бұрынғыдан көп өзге Смағұл ағайдың бейнесін оқимыз. Яғни алғашқы үзіктегі образ-кейіпкер — өз ісіне берілген адал жан. Кейінгі үзіндідегі Смағұл ағай өмірінің бар мәніндей ұғынған жұмысынан айырылған соң зор депрессияға шалдығып, ішкі әлемі шаршау тартады: күндіз-түнін тек ішкілікпен алданумен өткізеді. Бейненің бұндай жүдеуі жүзінен көрініс береді, дегенмен автор-кейіпкер оның бойынан бұрынғы жақсы мінезінің қалдығын аңғарады. Көркем мәтін қиығы жүздің өзгермелігі мен бейненің тұрақтылығын байқатады. Төмендегі алғашқы екі кесінді де соны айғақтай түседі.

«Ағай басындағы қалпағын шешіп, үстелдің шетіне ысырып қойды. Енді байқадым, ағайдың толқындаған қою қара шашы боп-боз, өзі сиреп жұқарған. Көптен жуылмағасын майланып ұйыса жабысып жатыр» [28; 240-241].

«— Сен ұшқыш болсам деуші едің ғой? — деді ағай...

— Оқасы жоқ, — деді ағай тұқшиған күйі басын шұлғып. — Әлі жассың, өмірің әлі алдында... Тек көкірегіндегі отты өшіріп алмасаң болады. Басқа дүниенің бәрі орнына келеді әлі» [28; 241].

Бір айтарлығы, Әлібек Асқаров жазушылық өнердегі қилы шеберлікті қисынымен игерген. Кемерінен асып төгілмейді, орынсыз әсіреқызылға берілмейді, шығармадағы тіл шұрайын, өмір шырайын жеріне жеткізе құлпыртатын жерде әсте де кейін шегінбейді. Жалаң баяндау мен жайдақ ұраншылдықты маңайына жолатпайды, жанына дарытпайды. Иә, оның эстеттігі көзді алдайтын көпіршік, іші қуыс, сырты даңғазы жылтырақ емес, өмірдің қаз-қалпындағы шынайы, мағыналы көрінісі. Баяндалып, тәптіштеп түсіндіріліп емес, сөз суретімен көркем бейнеленіп берілген өмірдің өз көрінісі. Сылдыраған сұлуына ынтықпайды, қазақтың жалпақ тілінің қаймағын қалқиды.

Автордың «Социализм хикаясы» айдарымен басылып шыққан «Батқан күннің бояуы» автордың көркемдік әлемін жарқырата ашып тастағандай. Себебі Бюффон айтқандай, стиль дегеніміздің өзі адам ғой. Осыған орайластырсақ, қаламгердің биік интеллектісі, зергер зерлегендей зерделі парасат-мәдениеті нақ осы әңгімелерінен әдемі танылғандай. Бұдан әрі тереңдей қозғасақ, осынау жоғары шығармашылық ізденіс интеллектісі жазушыны социализм тақырыбын қазақ қаламгерлері арасында бірінші болып қоясын ақтара, індетте қаузауға жетелеген. Социализм бұл арада жазушының тақырыбы ғана емес, оның кейіпкері. Көзкөрген, көңіл сүзгісінен өткен жақсы танысы. Повесте осы кейіпкердің, яғни социализмнің тұтас бейнесінің мөлтек эскиздері жасалып, кейінде бұлдырап қалып бара жатқан образы тайға таңба басқандай етіп мүсінделеді.

Әрине, социализм деген үлкен қоғамдық формацияның, тарихи категория ұғымының түгел сипатын шағын әңгімелер топтамасында толық айтып жеткізу мүмкін емес, ол — мақсат та емес. Ол үшін ондаған, бәлкім, жүздеген хикаят, романдар жазылуы керек болар, жазылған, жазылып та жатыр делікші. Біздің авторымыз бәз біреулердей социализмді сыпыра мақтау немесе жек көре жамандап қара күйелеш етіп көрсету ниетінен де аулақ. Иә, ұнатсақ та, ұнатпасақ та сол бір заман біздің тағдыр-тарауымыз, халқымыздың тағдыр-талайының үлкен бір кезеңі болып қалды. Шындығына келсек, біздің бір кездері сүйікті болған Советтер Одағымыз социалистік қоғамда өмір сүріп жатырмыз деп жалпақ жаһанға өнешін жырты жар салса да, шынайы социализмді құра алмаған еді. Шоң жазушы Шыңғыс Айтматов сол кездердің өзінде бір сапарынан оралғанда: «Нағыз социализм Швеция мен Норвегияда екен» деп айтқаны есімізде. Бұл орайда Асқаров ұлы Шықаңмен үндес шығып, еліміздегі кемелдену тұрмақ, көктемей қалған социализм келбетін келістіре суреттеген демекпіз. Айтпағымыз, осы ретте ізгі де игі ниетті утопиядан шыққан социализмнің еш кінәсі жоқ; кінә арман-аңсардағы сол ізгілікті қоғамды құра алмаған құрып қалғыр жүйеде. Автор бізге осы ақиқатты көркем сөзінің дестелі кестесімен ұқтырғандай. Хикаяттағы сандаған характерлер мен тағдырлар келмеске кетіп бара жатқан қоғам денелерінде қалдырған дерттен айықпай, келе жатқан заманмен, иллюзиясыз шындықпен коллизияға түскен, өліарада сарсаңға түскен жандар.

Қорытынды

Қазақ рухани-мәдени мұрасында драматизм мәселесін қарастырған М. Базарбаев [29], Р. Нұрғали, Т. Есембеков [30], К. Толеубаева [31] т.б. ғалымдардың зерттеулерін зерделеп, прозадағы драматизм мәселесі жайлы ғылыми еңбек жазған Т. Есембековтің: «Әдебиетті ішкі даму заңдылықтары бар жүйе» екендігін айтып, драматизмді осы қозғалысты дамытып отыратын пәрменді күштердің бірі», — деп берген анықтамасына қосыламыз [30; 85].

Профессор Т. Есембеков «Драматизм в казахской прозе» атты зерттеуінде біріншіден тартысты эстетикалық категория ретінде қарастырып, оның сюжет, характер, стиль мәселелерімен арақатынасына жан-жақты тоқталады, «Әдеби шығарма — жазушы бейнелеген өмірдің нақты көрінісі. Сондық-

тан ол автордың ойы мен сезімін көрсетеді, ендеше ол жазушы дүниетанымымен тығыз байланысты» [30; 104]. Әр жазушының қоғамдық-әлеуметтік ортасындағы тартыстар мен қарама-қайшылықтар оның шығармашылығында із қалдырады. Повестердегі жазушы қолданатын ұстанымы және танымы тұтаса келіп асқынған тартысқа ұласады. Бұдан шығатын қорытынды, авторлық концепция мен жазушының дүниетанымы драматизмде айрықша көрінеді. Т. Есембеков: «Көркем драматизм мен конфликтіні зерттеушілердің көпшілігі нақты шығарманың идеялық-тақырыптық бағытымен, жазушы концепциясымен байланыстырады», — деп жазады да, Гегельдің драматизмді идея күшінің маңызымен байланыстырғанын, В. Белинский драматизмнің мәнін кереғар идеялардың қарама-қайшылығы деп бағалайтынын айтады [30; 105].

Қорыта айтқанда, қарастырылған кезеңдегі қазақ прозасы сол уақыттағы қоғамның өзекті мәселелерін бейнелейді. Драматизм арқылы адам жан дүниесі жан-жақты ашылып, тереңірек көрсетілген. Осы дәуірдің қаламгерлері М. Мағауин, Қ. Ысқақов, О. Бөкей, Ә. Тарази, С. Елубаев, М. Сүндетов, Д. Исабеков шығармаларынан драматизм ұғымына тән құбылыстар, шығармашылық ізденістер айрықша көрінеді. Сондықтан да осы шығармалардағы драматизм табиғатын арнайы түрде қарастыру бүгінгі күннің талаптарын толық ескеру болып табылады. Прозадағы драматизм мәселесін тереңірек зерттеу — жанрлардың өзара тоғысуы арқылы бірін-бірі байыту құбылыстарын, сөз өнерінің қазіргі тенденциясын айқындауға жол ашады. Қазіргі уақытта әдебиетке қойылатын биік талаптардың бірі — драматизм. Қаламгер өз туындысында кез келген жанр талабын көркемдік-эстетикалық таным және драматизм табиғатына сәйкес тиімді пайдаланатыны заңдылық. Драматизм элементтерін шебер пайдалану арқылы күрделі рухани-адамгершілік, психологиялық түйіндерді суреттеудің негізгі құралы болып табылмақ.

Әдебиеттер тізімі

- 1 Қабдолов З. Жебе. Әдеби толғаныстар мен талдаулар / З. Қабдолов. — Алматы: Жазушы, 1977. — 380 б.
- 2 Қирабаев С. Талантқа құрмет. Мақалалар, зерттеулер, портреттер / С. Қирабаев. — Алматы: Жазушы, 1988. — 248 б.
- 3 Қасқабасов С. Қазақтың халық прозасы / С. Қасқабасов. — Алматы: Ғылым, 1984. — 272 б.
- 4 Елеукенов Ш. От фольклора до романа-эпопеи (Идейно-эстетическое и жанровое своеобразие казахского романа) / Ш. Елеукенов. — Алматы: Жазушы, 1987. — 352 с.
- 5 Нұрғали Р. Сырлы сөз. Әдеби сын зерттеу / Р. Нұрғали. — Алматы: Жазушы, 2000. — 400 б.
- 6 Майтанов Б. Психологизм — прозадағы жаңашыл арна / Б. Майтанов // Уақыт және қаламгер: Әдеби сын. — Алматы: Жазушы, 1980. — 264 б.
- 7 Дәдебаев Ж. Қазіргі қазақ әдебиеті. Лекциялар курсы / Ж. Дәдебаев. — Алматы: Қазақ университеті, 2002. — 311 б.
- 8 Тоқбергенов Т. Қос қағыс. Мақалалар мен портреттер / Т. Тоқбергенов. — Алматы: Жазушы, 1981. — 203 б.
- 9 Әшімбаев С. Шындыққа сүйіспеншілік: сын мақалалар, портреттер / С. Әшімбаев. — Алматы: Жазушы, 1993. — 624 б.
- 10 Серікқалиұлы З. Тағдыр және біз. Әдеби сыншылық көзқарастар, толғаныстар. Эссе / З. Серікқалиұлы. — Алматы: Ана тілі, 1996. — 320 б.
- 11 Ергөбеков Қ. Байнұмыр: Сын мақалалар / Қ. Ергөбеков. — Алматы: Жазушы, 1991. — 232 б.
- 12 Хамзин М. Қазіргі қазақ романы: оқулық / М. Хамзин. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2001. — 40 б.
- 13 Сыдықов Т. Мұрат пен міндет. Әдеби-сын мақалалар / Т. Сыдықов. — Алматы: Жазушы, 1987. — 320 б.
- 14 Сарбалаев Б. Ақиқат алдында / Б. Сарбалаев. — Алматы: Жазушы, 1986. — 216 б.
- 15 Әбдезұлы Қ. Әдебиет және өнер / Қ. Әбдезұлы. — Алматы: Қазақ университеті, 2002. — 300 б.
- 16 Кәрібаева Б. Қазіргі қазақ әдебиетінің көркемдік даму арналары / Б. Кәрібаева. — Астана: Елорда, 2001. — 312 б.
- 17 Жұмабеков С. Сын пернесі: мақала, сұхбат, эсселер / С. Жұмабеков. — Алматы: Жазушы, 1989. — 240 б.
- 18 Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері (Түс көру, бейвербалды ишараттар, заттық әлем) / Г. Пірәлиева. — Алматы: Алаш, 2003. — 328 б.
- 19 Поспелов Г.Н. Теория литературы / Г.Н. Поспелов. — М.: Высш. шк., 1978. — 331 с.
- 20 Хализев В.Е. Теория литературы / В.Е. Хализев. — М.: Высш. шк., 1999. — 398 с.
- 21 Тюпа В.И. Художественность / В.И. Тюпа // Введение в литературоведение. Литературное произведение: основные понятия и термины. — М.: Высш. шк., 1999. — 556 с.
- 22 Волков И.Ф. Теория литературы: учеб. пос. для студ. и преп. / И.Ф. Волков. — М.: Просвещение, 1995. — 56 с.
- 23 Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық / Бас ред. И.Н. Тасмағамбетов. — Алматы: Аруана, 2005. — 577 б.
- 24 Қабдолов З. Сөз өнері / З. Қабдолов. — Алматы: Қазақ университеті, 1992. — 350 б.

- 25 Философиялық сөздік. — Алматы: Қазақ энциклопедиясы, 1996. — 525 б.
- 26 Нургали Р. Движение жанров / Р. Нургали // Вопросы литературы. — 1980. — № 7.
- 27 Бөкей О. Атау кере (Қауіпті будан). Хикаяттар / О.Бөкей. — Алматы: Аң Арыс, 2010. — 876 б.
- 28 Асқаров Ә. Батқан күннің бояуы. Социализм хикаясы. Повесть / Ә. Асқаров. — Астана, Елорда, 2011. — 310 б.
- 29 Базарбаев М. Көркіт ойдан — көркем сөз / М. Базарбаев. — Алматы: Рауан, 1994.
- 30 Есембеков Т.У. Драматизм и казахская проза / Т.У. Есембеков. — Алматы: Ғылым, 1997.
- 31 Төлеубаева К.А. Қазақ романдарындағы драматизм (1970-1980 ж.ж.): филол. ғыл. канд. ... дис. автореф. Мамандығы 10.01.02 – Қазақ әдебиеті / К.А. Төлеубаева. — Астана, 2004. — 32 б.

К.А. Төлеубаева, А.М. Смагулова

Художественные идеи и драматизм

В статье рассмотрены вопросы драматизма в жанре повести, которая имеет свои традиции в казахской литературе. С учетом литературоведческих и эстетических аспектов драматизма в произведениях казахских писателей был проведен художественный анализ по проблеме драматизма в современной казахской прозе нового направления. В частности, произведения ярких представителей казахской литературы — Оралхана Бокея «Атау кере» («Опасный гибрид») и Алибека Аскарова «Цвет заката». В ходе исследования использованы методы дифференцирования, теоретического анализа и обобщения. Опираясь на исследования по проблеме драматизма, авторы статьи подчеркивают, что драматизм является главной движущей силой в произведении. В результате исследования сделан вывод о том, что конфликты и противоречия в социальной среде каждого писателя накладывают отпечаток на его творчество, авторская концепция и мировоззрение писателя находят отражение в драматизме.

Ключевые слова: драматизм, повесть, конфликт, эстетическая категория, авторская концепция, современная казахская проза.

K.A. Toleubayeva, A.M. Smagulova

Artistic insights and dramatism

This article deals with the issues of dramatism in the narrative genre, which has its own traditions in Kazakh literature. The aim of the article is to conduct the artistic analysis on the problem of dramatism in modern Kazakh prose of the new trend by taking into account literary and aesthetic aspects of dramatism in the works of Kazakh writers. In particular, the works of one of the brightest representatives of Kazakh literature — Oralkhan Bokey “Atau kere (Dangerous Hybrid)” and Alibek Askarov “The Color of Sunset”. The methods of differentiation, theoretical analysis and generalisation were used during the study. Based on the research of scientists on the problem of dramatism, the authors emphasise that dramatism is the main driving force in a composition. The study made a conclusion that conflicts and contradictions in social environment of each writer imprint on his work, the author's concept and worldview of the writer is reflected in dramatism.

Key words: dramatism, novel, conflict, aesthetic category, author's concept, modern Kazakh prose.

References

- 1 Kabdolov, Z. (1977). Zhebe. Adebі tolganystar men taldauar [Arrow. Literary reflections and analysis]. Almaty: Zhasushy [in Kazakh].
- 2 Kirabayev, S. (1988). Talantqa qurmet. Maqalalar, zertteuler, portretter [Respect for talent. Articles, research, portraits]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 3 Kasqabasov, S. (1984). Qazaqtyn khalyk prozasy [Kazakh folk prose]. Almaty: Gylym [in Kazakh].
- 4 Eleukenov, Sh. (1987). Ot folkloro do romana-epopei (Ideino-esteticheskoe i zhanrovoe svoeobrazie kazakhskogo romana) [From folklore to epic novel (Ideological-aesthetic and genre originality of the Kazakh novel)]. Almaty: Zhazushy [in Russian].
- 5 Nurgali, R. (2000). Syrly soz. Adebі syn zertteu [Mysterious word. Literary criticism research]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 6 Maitanov, B. (1980). Psikhologizm — prozadagy zhanashyl arna [Psychologism — an innovative channel in prose]. *Uaqyt zhane qalamger: Adebі syn — Time and the writer: Literary criticism*. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].

- 7 Dadebayev, Zh. (2002). Qazirgi qazaq adebieti. Lektsiialar kursy [Modern Kazakh literature. Course of lectures]. Almaty: Qazaq universiteti. [in Kazakh].
- 8 Tokbergenov, T. (1981). Qos qagys. Maqalalar men portretter [Double stroke. Articles and portraits]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 9 Ashimbayev, S. (1993). Shyndyqqa suispenshilik: syn maqalalar, portretter [Love for the truth: critical articles, portraits]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 10 Serikkaliuly, Z. (1996). Tadygr zhane biz. Adebii synshyldyq qozqarastar, tolganystar. Esse [Fate and us. Literary critical views, reflections. Essay]. Almaty: Ana tili [in Kazakh].
- 11 Ergobekov, Q. (1991). Baiangumyr: Syn maqalalar [Bayangumyr: Critical articles]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 12 Khamzin, M. (2001). Qazirgi qazaq romany: oqulyq [Modern Kazakh novel: Textbook]. Qaragandy: QarMU baspasy [in Kazakh].
- 13 Sydyqov, T. (1987). Murat pen mindet. Adebii-syn maqalalar [Ideas and responsibilities. Literary-critical articles]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 14 Sarbalayev, B. (1986). Aqiqat aldynda [Before the truth]. Almaty: Zhazushy [in Kazakh].
- 15 Abdezuly, Q. (2002). Adebiiet zhane oner [Literature and art]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 16 Karibayeva, B. (2001). Qazirgi qazaq adebietinin korkemdik damu arnalary [Artistic development channels of modern Kazakh literature]. Astana: Elorda [in Kazakh].
- 17 Zhumabekov, S. (1989). Syn pernesi: maqala, sukhbat, esseler [Critical key: articles, interviews, essays]. Almaty: Zhazushy. [in Kazakh].
- 18 Piralieva, G. (2003). Korkem prozadagy psikhologizmniin keibir maseleleri (Tus koru, beiverbaldy isharattar, zattyq alem) [Some problems of psychology in fiction (Dreaming, non-verbal gestures, the material world)]. Almaty: Alash [in Kazakh].
- 19 Pospelov, G.N. (1978). Teoriia literatury [Theory of literature]. Moscow: Vysshiaia shkola [in Russian].
- 20 Khalizev, V.E. (1999). Teoriia literatury [Theory of literature]. Moscow: Vysshiaia shkola [in Russian].
- 21 Tiupa, V.I. (1999). Khudozhestvennost [Artism]. *Vvedenie v literaturovedenie. Literaturnoe proizvedenie: osnovnye poniatia i terminy - Introduction to Literary Studies. Literary work: basic concepts and terms.* Moscow: Vysshiaia shkola [in Russian].
- 22 Volkov, I.F. (1995). Teoriia literatury: uchebnoe posobie dlia studentov i prepodavatelei [Theory of Literature: Textbook for Students and Teachers]. Moscow: Prosveshchenie [in Russian].
- 23 Tasmagambetov, I.N. (Ed.). (2005). Qazaq adebieti. Entsiklopediialyq anyqtamalyq [Kazakh literature. Encyclopedic reference book]. Almaty: Aruana [in Kazakh].
- 24 Kabdolov, Z. (1992). Soz oneri [The art of words]. Almaty: Qazaq universiteti [in Kazakh].
- 25 (1996). Filosofiialyq sozdik [Philosophical dictionary]. Almaty: Qazaq entsiklopediiasy [in Kazakh].
- 26 Nurgali, R. (1980). Dvizhenie zhanrov [The movement of genres]. *Voprosy literatury — Questions of literature* [in Russian].
- 27 Bokei O. (2010). Atau kere (Qauipti budan). Khikaiattar [Atau kere (The dangerous hybrid). Novels]. Almaty: An Arys [in Kazakh].
- 28 Asqarov, A. (2011). Batqan kunnin boiauy. Sotsializm khikaiasy. Povest [The Color of Sunset. The story of socialism. Novel]. Astana: Elorda [in Kazakh].
- 29 Bazarbaiev, M. (1994). Korikti oidan — korkem soz [A beautiful word from the beautiful thought]. Almaty: Rauan [in Kazakh].
- 30 Esembekov, T.U. (1997). Dramatizm i kazakhskaiia proza [Dramatism and Kazakh prose]. Almaty: Gylym [in Russian].
- 31 Toleubaeva, K.A. (2004). Qazaq romandaryndagy dramatizm (1970-1980 zh.zh.) [Dramatism in Kazakh novels (1970-1980 years)]. *Extended abstract of candidate's thesis.* Almaty [in Kazakh].